

# Өнеге көзі, тәрбие ошағы – театр

**Көрнекті жазушы Фабит Мүсіреповтің «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп баға берген мәдениет пен руханият әлемін театрсыз елестету әсте мүмкін емес.**

20 жылдан астам тарихы бар қара шаңырақ Арқалық қазақ жасөспірімдер театрында 27 наурыз – Халықаралық театр күні қарсаңында бірнеше іс-шара өтті. Атап айтар болсақ, Алматы қаласынан арнайы шақырылған Фархадбек Қанафиннің режиссерлігімен Венгр жазушысы Д.Урбаннның екі тышқан отбасындағы өзара тартысы жайындағы қызықты оқиғалардан тұратын, тышқандардың балалары Шома мен Фружидің өз қылықтарымен кішкентай көрермендерді өздеріне баурап, балаларды мейірімділікке, достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелейтін «Тышқандар» ертегісін сахналап балалар мен жасөспірімдерге базарлық жасады.

Сонымен қатар Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайында Халықаралық театр күніне орай ҚР Театр қайраткерлер одағының мүшесі, «Жыл адамы» атағының иегері, театрымыздың бас суретшісі, бейнелеу өнері саласының шебері, қаламыздың мақтанышы Еркін Мергеновпен «Сахнаның сәнін келтірген» атты кездесу кеші өтті. Кеште өнер майталманының

ұзақ жылдар бойғы атқарған жемісті еңбегі дәріптеліп, сурет өнерінің сырлары мен сол саланың қилы да, қатпарлы жолдары үлгі етілген өнер ардагерінің өмірі мен қызмет жолына байланысты мағыналы да мәнді сұхбат жүргізілді. Аталған кездесуге ҚР Мәдениет қайраткері Отарқұл Мұқатова, «AMANAT» партиясы Арқалық қалалық филиалының атқарушы хатшысы Сабыржан Тасмағанбет, ҚР Мәдениет саласының үздігі, театр режиссеры Әлия Садықова, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Сапарбек Ұзақов, сондай-ақ, кітапхана, театр, мұражай, мәдениет сарайының ұжымдары қатысып, өз игі тілектерін білдірді. Тағылымды кеште суретшінің еңбек жолы мен шығармашылығынан сыр шертетін көрме де қойылды.

Сондай-ақ, Халықаралық театр күні аясында қаламыздағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Өнер тұнығы ел ішінде» тақырыбында театрымыздың әртісі - Әлібек Манетовпен кеш-диалог өтті. Кеш барысында жалпы театр саласының қалыптасуы, тарихы, әртістің өмір-дегеі мен шығармашылығына байланысты қызықты сұрақтар қойылды. Кездесу барысында Әлібек Маратұлы өзінің алғашқы сомдаған рөлдерін еске түсіріп, әртіс мамандығының қыр-сырымен бөлісті, кешке жиналған кітапхана қызметкерлері мен Торғай гуманитарлық колледжі

студенттеріне С.Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи драмасынан монологын паш етті.

Жоғарыда аталған кездесулермен қатар театрымызда жоспарға сәйкес қойылымдардың сыртында үнемі қайырымдылық ертегілері, қызықты кездесулер, театрға саяхаттар өткізіліп тұрады. Атап айтсақ, «Үндестік» жобасы аясында «Золотой ключик» бөбекжай-бадбақшасының кішкентай бүлдіршіндері театрымыздың қойылымдарға арналған көрмесін, әрлеу залдарын және костюм цехын аралап, театр әлемімен танысып, қызықты саяхат жасады.

Қадірменді көрермен, театр – нағыз тәлім-тәрбие мен тағылымның ортасы. Киелі өнердің ордасына бас сұққан жастарымыз мәдениетті де үйреніп, ақ пен қараның, арпалысып жатқан заманның ащы шындығын біліп, ара жігін ажырата алады. Керегін алады да, көңіл сүзгісінен саралап өткізіп, керексізін кері ысырады. Сол себепті де жас ұрпақты театр қойылымдарына қызығушылығын арттыру барлық білім ошақтарының бірден-бір парызы деп білеміз.

Олай болса, қадірменді өнер сүйер қауым, Сіздерді театр қойылымдарын бірге тамашалауға шақырамыз!

**Ж. СМАҒҰЛОВА,**  
әдебиет бөлімінің  
менгерушісі